БЕКІТЕМІН
«Социалистік Еңбек Ері Есім Шайкин атындағы мектеп-лицейі» КММ директорының м.а.
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ
_____ А.Н. Жакупова
«___» _____ 2026 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерінің және білім беру мен ғылым саласында қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің антитеррорлық қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерінің және білім беру мен ғылым саласында қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің антитеррорлық қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің антитеррорлық қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің объектілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен критерийлеріне (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған білім беру және ғылым саласында қызметті жүзеге асыратын объектілерге қолданылады.

Осы Нұсқаулық білім беру және ғылым саласында қызметті жүзеге асыратын, осы объектілер қарамағында болатын мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен террористік тұрғыдан осал объектілердің антитеррорлық

қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі өзге де нұсқаулықтармен антитеррорлық қорғалуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралары регламенттелген объектілерге қолданылмайды.

3. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бейнебақылау жүйесі – бір-бірімен ақпарат алмасуды жүзеге асыратын жұмыс істейтін бейнеарналардың, бейнедеректерді жазудың және сақтаудың бағдарламалық әрі техникалық құралдарының, сондай-ақ басқарудың бағдарламалық және (немесе) техникалық құралдарының жиынтығы;

2) жарықтандыру жүйесі – түнде объектіде бейнебақылау жүйесі, адамдар мен көлік құралдарының көрінуі үшін қажетті жарықтандыру деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

3) күзет қызметінің субъектілері – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері және жеке күзет ұйымдары;

4) объектінің потенциалды қауіпті учаскелері – жарылыс-өртке қауіпті, қауіпті химиялық заттар, қару-жарақ пен оқ-дәрілер, уытты заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің, жүйелердің, жабдықтардың немесе құрылғылардың элементтері пайдаланылатын, сақталатын немесе пайдаланылатын объектінің аумақтық бөлінген аймақтары (учаскелері), конструктивтік және технологиялық элементтері, объектінің сыни аймақтары, сондай-ақ онда терроризм актісін жасау өмірге және денсаулыққа зиян келтіруге, аварияның туындауына, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдары бар төтенше жағдайдың туындау қатеріне, оларды кейіннен терроризм актісін жасау үшін пайдалану мақсатында қауіпті заттар мен материалдардың ұрлануына ықпал етуі мүмкін объектіде адамдардың ықтимал бұқаралық болу орындары;

5) объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

6) оқу (профилактикалық) іс-шаралары – бастапқы әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында нұсқаулықтар мен сабақтар түрінде іске асырылатын персоналды және күзетті оқытудың алдын алу тәсілдері;

7) педагог – тиісті профиль бойынша педагогикалық немесе басқа да кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту

- объектіге заңсыз кіруді анықтауға мүмкіндік беретін құралдармен объектіні инженерлік-техникалық тұрғыдан нығайту жөніндегі шараларды қабылдаумен өтеледі;

2) терроризм актілерін дайындау және (немесе) жасау белгілерін анықтау, бұл:

- күдікті тұлғалар мен заттарды анықтау пәніне объектілердегі және таяу орналасқан аумақтағы жағдайды бақылау;
- білім алушылар арасында экстремизмнің алдын алу (құқықтық ағарту, экстремизмге теріс эмоционалдық қатынасты қалыптастыру);
- объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтау тұрғысынан материалдық-техникалық базаны жақсарту жөніндегі шараларды қабылдаумен өтеледі;

3) объектілерде терроризм актілерін жасау әрекеттерінің жолын кесу, бұл:

- объектінің даярланған қызметкерлерінің күшімен объектілерді күзетуді жүзеге асыру немесе күзет қызметінің субъектілерімен шарт жасасу;
- келушілер мен көлік құралдарының объектілерге кіруінің белгіленген тәртібіне тұрақты бақылауды ұйымдастыру;
- ұжымда, оның ішінде педагогикалық ұжымда және білім алушыларда қауіпсіздік мәдениетін, антитеррорлық сананы қалыптастыру;
- объектілердің антитеррорлық қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін барлық іс-шараларды бақылау жөніндегі шараларды қабылдаумен өтеледі;

4) объектілердегі ықтимал террористік қауіптердің салдарларын азайту және жою, бұл:

- білім беру және ғылым объектілерінің ерекшеліктеріне адекватты, террористік сипаттағы ықтимал қауіптерге әрекет ету алгоритмдерін әзірлеу;
- күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін, қызметкерлерді, білім алушыларды, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) терроризм актісі жасалған кездегі және одан кейінгі іс-қимылдарына қатысты тиісті түрде дайындау;
- уәкілетті органдарды, қызметкерлерді, білім алушыларды уақтылы құлақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ объектіде терроризм актісі жасалған жағдайда білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) олардың іс-қимылдары бойынша хабардар ету;

мен тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға;

8) рұқсаттама режимі – тұлғалардың заңсыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті әкелу (алып шығу), әкету (алып кету) мүмкіндігін болғызбайтын белгіленген тәртіпті регламенттейтін ережелер жиынтығы;

9) антитеррорлық қорғалу паспорты – террористік тұрғыдан осал объектіде терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, салдарларын азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған, оның антитеррорлық қорғалу жай-күйін көрсететін объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтерді қамтитын ақпараттық-анықтамалық құжат;

10) террористік тұрғыдан осал объектілер – аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық, қауіпті өндірістік объектілер, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, адамдар бұқаралық болатын объектілер, антитеррорлық қорғалуды міндетті ұйымдастыруды талап ететін күзетілетін объектілер;

11) құлақтандыру жүйесі – террористік тұрғыдан осал объектіде болатын адамдарды төтенше оқиғалар (авария, өрт, табиғи апат, шабуыл жасау, террористік акт) кезінде дабыл туралы және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарық және (немесе) дыбыстық құлақтандыруға) арналған техникалық құралдар жиынтығы.

4. Объектілердің антитеррорлық қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар объектілердің аумағында терроризм актілерін жасауға кедергі келтіретін жағдайлар жасауға (оларды жасау тәуекелін төмендетуге), ықтимал террористік қауіптердің салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған.

Қорғау шараларын ұйымдастыру алдын ала даярлық, сараланған тәсіл, адекваттылық және кешенділік қағидаттарына сүйенеді.

5. Объектілердің антитеррорлық қорғалуы мыналарға бағытталған жағдайларды жасаумен қамтамасыз етіледі:

1) объектілерге заңсыз кіруге бөгет жасау, бұл:

- объектілерде рұқсаттама режимін белгілеу және оның бұлжытпай сақталуы;

- объектінің антитеррорлық қорғалу паспортын уақтылы жасау және өзекті күйде ұстау, оны тиісінше сақтау жөніндегі шараларды қабылдаумен өтеледі.

6. Объектілердің антитеррорлық қорғалуын объектінің бірінші басшысы ұйымдастырады.

7. Басшының бұйрығымен объектінің антитеррорлық қорғалуы бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ететін тұлға айқындалады.

Объектінің антитеррорлық қорғалуы бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге жауапты қызметкерді таңдау және тағайындау соңғысының антитеррорлық қызметтің ерекшелігіне барынша сәйкес келетін құзыреті мен лауазымдық міндеттерін ескере отырып жүргізіледі.

Объект басшысы тиісті бұйрық шығарады, қызметкердің функциясы лауазымдық міндеттеріне енгізіледі.

8. Мүлік иелері, меншіктенушілер, басшылар немесе объектілердің өзге де лауазымды адамдары жалға алынатын ғимаратта (үй-жайда) орналасқан кезде жалға алу шартында объектінің антитеррорлық қорғалу паспортын әзірлейтін, объектіні күзетуді, объектіні қазіргі заманғы инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтауды, олардың үздіксіз жұмыс істеуін бақылауды, рұқсаттама режимін ұйымдастыруды және осы іс-шараларды қаржыландыруды жүзеге асыратын тараптарды айқындауды қамтамасыз етеді.

2-тарау. Рұқсаттама режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

9. Осы тарау объектілердің антитеррорлық қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарына сәйкес келетін, объектілерде рұқсаттама режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айқындайды.

10. Мүлік иелері, меншіктенушілер, объектілердің басшылары 6-тараудың 77-тармағына сәйкес 3-топқа жатқызылған объектілердің антитеррорлық қорғалуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнама шеңберінде күзет қызметтерін көрсетуге, оның ішінде террористік тұрғыдан осал объектілерді күзетуге лицензиясы бар күзет қызметінің субъектісімен кемінде үш жыл мерзімге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

Күзет қызметінің субъектісімен күзет қызметін көрсету туралы шарттың жобасы қамқоршылық (ата-аналар) кеңесімен келісіледі.

11. Күзет қызметінің субъектісімен күзет қызметін көрсету туралы шарт жасасқан кезде мүлік иесі, меншіктенуші, объект басшысы күзет қызметі шартында күзет қызметі субъектісі антитеррорлық қорғалуды және тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету бойынша іске асыратын іс-шараларды көрсетеді, оларға мыналар жатады:

1) қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), көлік құралдарының объектіге немесе оның бөліктеріне (аймақтарына) санкцияланған кіруін ұйымдастыру;

2) объектінің аумағында құқық бұзушылық ниеті бар тұлғаларды, сондай-ақ оларды іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін заттар мен заттарды анықтау;

3) объектіні күзету, объектінің потенциалды қауіпті учаскелері мен сыни аймақтарын қорғау (бақылау), оның ішінде онда бөгде адамдардың бақылаусыз болуын болғызбау;

4) объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдармен жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қауіптерді азайтуға және жоюға бағытталған бастапқы әрекет ету іс-шараларын орындау бойынша оқу іс-шараларын ұйымдастыру;

5) осы Нұсқаулықтың 6-тарауында көзделген, террористік тұрғыдан осал объектілердің антитеррорлық қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес объектіде орнатылған қорғаудың техникалық құралдарын тиісінше пайдалану.

12. Объектідегі рұқсаттама режимі объект әкімшілігі әзірлейтін және басшының бұйрығымен бекітілетін рұқсаттама және объектішілік режимді ұйымдастыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

13. Ұйым басшысы рұқсаттама режимінің тәртібін, оны ұйымдастыруға және бақылауға жауапты тұлғаларды айқындайды. Күзет қызметінің субъектісімен күзет қызметін көрсету туралы шарт болмаған жағдайда рұқсаттама режимін тікелей орындауға жауапты тұлғаларды тағайындау көзделеді.

14. Объектілер үшін рұқсаттама режимін ұйымдастыру тәртібі мыналарды көздейді:

- объектілер қызметкерлерінің жұмыс кестесін және оларды жұмыс және жұмыстан тыс уақытта өткізу тәртібін;
- келушілерді объектіге өткізу тәртібін;

- материалдық құндылықтарды әкелу (алып шығу), әкету (алып кету) тәртібін;

- егер бұл өзге де құқықтық актілерде көзделмесе, объектілерге алып өтуге тыйым салынған заттар мен заттардың тізбесін;

- объектілердің потенциалды қауіпті учаскелерінің тізбесін (кіреберіс қақпа, кіреберіс есік, қосалқы шығу есігі, бірінші қабаттың терезелері, подвал үй-жайы);

- қолжетімділік учаскесін (кемінде екі негізгі учаске белгіленеді: бірінші учаске – қызметкерлердің, білім алушылардың, ата-аналардың және өзге де келушілердің кіруі шектелмеген ғимараттар, аумақтар, үй-жайлар; екінші учаске – белгілі бір санаттағы тұлғаларға кіруге рұқсат етілген ғимараттар және (немесе) үй-жайлар – электр қалқандары, қазандықтар, физика, химия кабинеттерінің зертханалары, жоғары оқу орындарында – күрделі техникалық жабдықтары бар үй-жайлар).

15. Білім беру объектілері үшін рұқсаттама режимін ұйымдастыру тәртібі осы тараудың 14-тармағында санамаланған мәліметтерден бөлек мыналарды көздейді:

- мектепке дейінгі ұйымдардың объектілеріне тәрбиеленушілерді өткізу тәртібін;

- білім алушыларды оқу сабақтарына, сабақтан тыс қызмет сабақтарына, үйірмелер мен секцияларға, үзілістер кезінде өткізу тәртібін;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарын (заңды өкілдерін) білім беру объектісіне өткізу тәртібін;

- білім алушыларды сабақтарға бұқаралық өткізуді жүзеге асыруға арналған орындарды (негізгі және қосалқы) және оларды бақылау тәртібін.

16. Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына алып кіруге тыйым салынған, пайдаланылуы шектелген заттар мен заттектердің тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22857 болып тіркелген).

17. Әрбір объектіде рұқсаттама және объектішілік режимдерді ұйымдастыру тәртібі негізінде, оған тән ерекшеліктерді ескере отырып, ұйым басшысы жеке күзет ұйымының басшысымен (объект басшысының келісуі бойынша) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық нұсқаулықты әзірлейді, ол міндетті түрде мыналарды көздейді:

1) ұйымға кірген кезде жеке басын куәландыратын тиісті құжаттарды тексеруді;

2) автокөлік құралдарын объект аумағына өткізу кезінде тиісті құжаттарды және әкелінетін жүктердің сипатын тексеруді;

3) қызметтік шаруалармен келген басқа ұйымдардан келген адамдардың құжаттарын және келу мақсатын тексеруді, келушілер кітабына тиісті жазбалар енгізуді;

4) ішкі үй-жайларды тексеру, объектінің периметрін қарау және шарбақтарды олардың зақымдануы тұрғысынан тексеру, бөгде, жарылысқа қауіпті және күдікті заттарды анықтау мақсатында объектілердің аумағын жүйелі түрде аралауды;

5) анықталған барлық бұзушылықтар туралы объект басшысына және күзет кәсіпорынындағы өзінің тікелей бастықтарына дереу баяндауды;

6) белгіленген қағидаларды бұза отырып, объект аумағына кіруге және (немесе) қызметкерлерге, педагогтерге, білім алушыларға, тәрбиеленушілерге катысты құқыққа қайшы әрекеттер жасауға тырысатын адамдар анықталған кезде, объектінің периметрі жанында ұзақ уақыт бойы тоқтатылып қойылған белгісіз автокөлік анықталған кезде нақты объектінің жабдықталуына сүйене отырып, объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың іс-қимылдарын.

18. Білім беру объектілерінде осы тараудың 17-тармағында көзделген іс-шаралардан бөлек, объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың лауазымдық нұсқаулығы мыналарды көздейді:

1) қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жұмысқа және сабаққа бұқаралық (жалпы) келуі, сондай-ақ жұмыс пен сабақ аяқталғаннан кейін кетуі кезінде кіреберіс есіктерді кіру және шығу үшін бос ұстауды;

2) белгіленген тәртіпке сәйкес ата-аналарды (заңды өкілдерді), білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де өкілдерін объектіге өткізуді жүзеге асыруды.

19. Лауазымдық нұсқаулық иесіздендірілген сипатта болады және әрбір объект үшін оның ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді.

20. Объектіде рұқсаттама режимін сапалы ұйымдастыру мақсатында күзет қызметкерінің (қызметкерлерінің) бекетін көздеу қажет.

21. Азаматтардың құқықтарын шектейтін рұқсаттама режимін ұйымдастыру тәртібі туралы хабарламаларды, объектінің қауіпсіздігін камтамасыз ететін адамдар талаптарының заңдылығын түсіндіретін хабарламаларды объект әкімшілігі шолу үшін қолжетімді орындарда (объектіге кірген кезде) орналастырады.